

1930-ШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ СІБІРГЕ КӨШКЕН АШТЫҚ БОСҚЫНДАРЫНЫҢТАҒДЫРЫ ҰРПАҚТАР ЕСТЕЛІКТЕРІНДЕ

Сақабай Т.Қ. 3 оқу жылы докторанты
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы
tolkinist78@mail.ru

XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы астық пен ет, ауылшаруашылығы өнімдерін, дайындау, малды ортақтастыру, ұжымдастыру мен күштеп отырықшылыққа көшіру сияқты саяси-шаруашылық науқандардың нәтижесі қазақ ауылдарында азық-түлік қорының сарқылуына алып келген еді. Халық аштықтан аман қалу мақсатында ауылдарды тастап босып, мәжбүрлі түрде көшіп кете бастаған болатын. Ол туралы 1930 жылдың қараша айының өзінде ОГПУ органдарының арнайы ақпаратында бұрынғы Қарқаралы округының Тоқырауын ауданында 20 үй көшіп кеткені және 100 үй көшуге дайындалып отырғаны туралы мәлімденеді. Осыған ұқсас фактілер Шет, Қу және басқа аудандарда да байқалған [1, 595 б]. Ал, 1932 жылдың соңына қарай халықтың жаппай көшуі туралы Шет, Жаңаарқа, Қарқаралы аудандарында кең етек алады [2, 394б]. Көріп отырғанымыздай аштықтан зардап шеккен халықтың көшіп кетуі 1930 жылдың күзінде басталып, 1932 жылы жаппай сипат алған. Аштықтың салдарынан мәжбүрлі түрде қоныс аударған халықтың бірқатары діттеген жерлеріне жете алмай жолда қалған.

Қазақтардың шекаралас аумақтарға мәжбүрлі қоныс аударуының себептері, олардың саны, көшу жолдары, орналасқан аумақтары сияқты мәселелер Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Солардың ішінде аш босқындардың санына қатысты белгілі ғалым Қ. Алдажұманов «Голод1931-1933 годов в Казахстане: проблемы истории и методологии» атты мақаласында былай дейді: «1 миллионнан астам адам аштықтан босқындар қатарында болды. Оның 400 мыңнан астамы ғана кейінірек республикаға оралды. Көші-қон орындарында олардың қанша өлгенін анықтау мүмкін емес» – деп тұжырымдаса [3, 100]. зерттеуші Ж.А. Ермекбаев қазақтардың шекаралас елдердің аудандарына жаппай көшуіне 1920-30-шы жылдардағы ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшіру түрткі болғанын атап өтеді. Ол 900 мың (жалпы халықтың 18%) қазақ Ресей, Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иранға біржола көшіп кетті деп көрсетеді [4, 35б]. Қазақ диаспорасы тарихын зерттеуші белгілі ғалым Г.М. Мендіқұлова көршілес Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан, Қарақалпақстан, Қытай, Иран, Ауғанстан жеріне 1 млн 30 мың қазақ кетті деп есептейді. Олардың 616 мыңы біржола көшіп кеткенін мәлімдейді [5, 29б].

Американдық зерттеуші С. Камерон еңбегінде архивтық деректер негізінде 1931-1933 жылдарда аштықтан көшкендер саны 1,1 миллионнан астам және олардың негізгі бөлігі қазақтар болды деп атап өтеді. [6, 246б]. Кеңестік кезеңде көшіп кеткендердің санын есепке алмау қазіргі таңда олардың нақты санын анықтау мәселесін қиындатып отыр [7, 27б]. Сондықтан ашаршылық кезінде республикадан тыс аймақтарға кеткен қазақтардың саны әлі де болса нақтылауды талап етеді деп ойлаймыз.

Белгілі ғалым Т. Омарбековтің зерттеулерінде Сібірге ауа көшкен қазақтар бастапқыда яғни, 1932 жылға дейін шекаралас аудандарға орналасса, 1932 жылдан кейін қазақтар Сібір жеріне тереңдей еніп, Новосибирск аудандарына дейін орналаса бастағанын атап көрсетеді [8, 260б]. Бұл қазақтардың барған жерлерінде бейімделуімен байланысты болуы мүмкін. Шекаралас аумақтарда қазақтардың легінің көп болуына байланысты жұмыс іздеген қазақтар Сібір аумағына ішкерлей еніп кеткен болуы керек.

М. Қозыбаева мен А. Бекенова аштықтан ауған босқын қазақтардың көшу жолдарын: «Батыс облыстардан босқындар Иранға, Ауғанстанға, Түркіменстанға кетті. Даланың Оңтүстігі мен Шығысынан – Моңғолияға, Өзбекстанға, Қырғызстанға, Қытайға. Орта жүздің, Ұлы даланың Солтүстігіндегі қазақтар, негізінен арғындар, керейлер мен қыпшақтар Ресейге кетті» – деп, көрсете отырып, шектес республикалардың аумағына қазақтардың аштықтан ауа көшіп кету кезеңін 1931 жылдың күзінен басталды деген қорытындыға келеді. Ал, көшу себептерін: «бір жағынан, жаппай көшу ұжымдық

наразылық пен қазақтардың колхоздар құру саясатына қарсы тұру нысандарының бірі болды, екінші жағынан – аштық өлімнен құтылу мақсатындағы жалғыз дұрыс жол болды» –деп тұжырымдайды [9,1136].

«Ашаршылықтан Ресейге ауа көшкен қазақ босқындарының жұмыс тапқан негізгі қалалары – Новосибирск, Омбы, Барнаул болды. Кузбасқа барған қазақ көшпелілері Кемеров, Сталинск, Ленинск-Кузнецк, Киселевск, Прокопьевск шахталарына жалданып, Татарск, Барабинск, Рубцовск, Славгородқа теміржол арқылы жетуге тырысты» – деп, Ө.И. Исенов пен А.И. Құдайбергенова қазақ босқындарының орналасқан аумақтарын нақтылап кетеді [10, 1486].

2010 жылы Е.Б. Сыдыковтың құрастыруымен жарыққа шыққан «Гонимые голодом» құжаттар жинағында: «Қазақстаннан 1030 мың адам көшіп кетіп, олардың 616 мыңы қайтып оралмады. Қытай, Моңғолия, Иран, Ауғанстан және Түркия жеріне кеткендер қайтып оралмады. Сонымен қатар қазақтардың қайда, қанша кеткені туралы нақты айту мүмкін емес. Ол кезде есеп жүргізілмеді» – деп көрсетеді [11, 46].

Жоғарыда көрсетілген жинақта берілген Сібір өлкесінің прокурорының Батыс Сібір ауаткомының хатшысы Р.И. Эйхеге жазған 1932 жылдың 9 наурызындағы мәлімдеме жазбасында Батыс Сібір өлкесіне келіп жатқан қазақтардың саны күн санап өсіп, қаңтар, ақпан айларында өзінің шырқау шегіне жеткенін баяндайды. Осы мәлімдеде олардың санын Славгород ауданында шамамен 10000, олардың негізгі бөлігі (6000 дейін) қалада жүр. Баев ауданында 1500, Ребрехинскде - 2500, Алейскіде 3000 астам деп көрсетеді. Қазақтардың негізгі легі Поспелихинск, Шипуновск, Угловск, Родин аудандарында, бұрынғы Рубцов округының барлық аудандарында және Ойротия, Барнаул, Бийск және Новосибирскіде қазақтар өте көп деп баяндайды [11, 746].

Аштықтың салдарынан ауа көшкен қазақтар туралы ғылыми еңбектерімен қоса олардың өздерінің естеліктері мен ұрпақтарының естеліктері біздер үшін қызығушылық тудырады. Өкінішке орай, қазіргі таңда аштық куәгерлерінің көпшілігі өмірден өтіп кетті. Дегенмен, олардың ұрпақтарының жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан естеліктер де біз үшін маңызды болып табылады.

Қазақтардың көпшілігі Сібір аумағына ашытықтан аман қалу мақсатында мәжбүрлі түрде қоныс аударып жан сақтап қалған. Кейбіреулері жағдай жақсарған соң елге оралса, біразы сол жерлерде тұрақтап қалып, қазіргі таңда сол елдердегі қазақ диаспорасы мен ирреденттерінің негізін құрап отыр. Солардың ішінде осы мақаланы жазуға Алтай өлкесі Барнаул қаласының тұрғыны Солтангазинова Бахытчан Мургазиновна түрткі болды. Бахытчан Мургазиновнамен ғылыми тағылымдама аясындағы іссапар кезінде танысып, ата-анасының естелігімен бөліскен болатын. Бахытчан Мургазиновна 1968жылы Барнаул қаласында дүниеге келген, білім жоғары, мамандығы заңгер болып табылады. Руы Тобықты. Әкесі Нұрғазы Сейтқазыұлы 1916 жылы, анасы Кульзия Жұматайқызы 1928 жылы туған Семей өңірінің тумалары болған. Бахытчан Мургазиновнаның айтуы бойынша әкесі Қазақстаннан 1930-шы жылдары ұжымдастыру кезінде ауыл болып, топтасып, арбамен, жаяу шыққан. Себебі, Қазақстанда одан әрі қалса аштан өлетіндерін білген. Қайда барып, тұрақтайтындарын да білмеген. Шамамен әкесі ол кезде 15-16 жаста болған. Өздерімен азықтары болмағандықтан жол бойында елді мекендерден тамақ іздеуге балаларды жібереді екен. Азық іздеп кеткендерді ұзақ күте алмаған. Азық іздеп кеткендер кешігіп, бір жерде ұзақ аялдаса басқалары аштан өліп қалу қаупі төнгендіктен, көп күтпей әрі қарай жол жүре беретін болған. Әкесінің айтуы бойынша жолшыбай кездескен елді мекендердегі орыстар мейрімділік танытып, оларға картоп, басқа да көкөністер бергеннің арқасында аман қалған. Аштық пен жүруден әбден әлсіреген емізулі балалары бар аналардың кейбіреулері жолда қайтыс болған. Өлген әйелдердің балаларын аман қалғандары бауырларына салып асырап алған. Балаларды бөліп жарып, шететпеген екен. Кейін келе қайсы кімнің баласы өздері де шатасып қалған. Бәрін бірдей өз балаларындай асырап, өсірген. Бахытчан Мургазиновнаның айтуынша, Барнаул қаласына тоқтап, сол жердегі Восточный деген ауданда орын тепкен. Сол елді мекенде жер кепелер қазып орналасқандықтан жердің атауы Капай город (жерден қазылған қала) аталып кеткен екен. Яғни, аштық босқындарының Барнаул қаласындағы алғашқы елді мекендерінің атауы осы сөзден шыққан. Бахытчан Мургазиновнаның айтуынша кейіннен оларға жер беріп, келген Тобықты руы үлкен бір көшеде орналасыпты.

Ол көше бастапқыда Матросова болса, кейін Обводная деп аталған. Әкесінің естелігі бойынша ол жерде тұрған қазақтар ұйымшыл, еңбекқор, пысық болған. Әкесі үйленіп, өмір бойы теміржолда қызмет етіп, зейнетке шыққан. Анасы үй шаруасымен айналысып, үйде қарап отырмай қолғап, күртеше тігіп сатқан екен [12]. .

Сурет 1. Әр жылдардағы Солтанғазинотар отбасы (Бахытчан Мургазинотарның жеке архивынан алынды) [12].



Отбасында 3 қыз 3 ұл тәрбиелеп өсірген. Олардың қазір әрқайсысының өзінің отбасы бар. Мен сұхбат алған Бахытчан апай жоғары білімді Алтай мемлекеттік университетін бітірген. Бахытчан Мургазимовна заңгер ғана емес шығармашылыққа жақын, өлең шығарады. Ашаршылық жылдардағы әкесінің басынан өткізген қиыншылықтарын естіген Бахытчан апай өлең шығарған екен:

Я родилась в России
И Родиной Россию я считаю,
Но пред тобой, родной мой Казахстан
Я низко свою голову сколняю!
Ты- колыбель родителей моих
И любящая мать детей своих,
Которые, уже в годах
Не силах скрыть слез грусти на глазах.
Истории твоей печальный след
На Голощекинское время пролил свет.
Как голод, натворивший столько бед
На смерть цинично всем вручал билет.
Когда в дорогу собирался стар и млад,
На плечи взваливая свой нехитрый скарб
В путь в неизвестность шли.
Когда теряли близких по дороге,
Их хоронили прямо в поле.
Когда детишки рано сиротели,
То находились руки, что их грели.
В пути стали, как сестра, как брат.
Родной Семей остался позади.
Никто не знал, что ждет
Алтай их впереди.
И хоть жильем землянки стали,
Перселенцы свой поселок Капай-городом назвали [12].

Өлеңде әкесінің аузынан естіген оқиғаларды жеткізген. «Әкем өлеңде өзі басынан кешірген оқиғаларды жеткізгеніме ризашылығын білдірген еді» - деп еске алады Бахытчан апай [12]. Ол кісінің айтуы бойынша ашаршылық кезінде әкесімен Барнаул қаласына көшіп келгендер 1990-шы жылдары ғана елге орала бастаған екен. Әкесі Нұрғазы Сейтқазыұлы 1999 жылы 83 жасында, анасы 96 жасында қайтыс болған. Жақын-жуық туыстары

Қазақстанға оралып, елге шақырғанымен өмірінің соңына дейін Барнаул қаласында көшпей қалған екен.

Сонымен, 1930-шы жылдардағы ашаршылық салдарынан туындаған жаппай босқыншылық – қазақ халқының әлеуметтік-демографиялық құрылымына ғана емес, сонымен қатар этномәдени тұтастығына да терең залал келтірген күрделі тарихи үдеріс болды. Кеңестік әкімшілік-экономикалық реформалардың (ұжымдастыру, отырықшыландыру, ет-салық саясаты және т.б.) нәтижесінде қалыптасқан азық-түлік дағдарысы миллиондаған адамның өмір сүруіне қауіп төндіріп, халықты туған өлкесінен жаппай көшуге мәжбүр етті.

Сібірге бағытталған қазақ босқындарының көші – ашаршылықтан аман қалуға ұмтылған стихиялық қозғалыс қана емес, сонымен қатар тоталитарлық жүйе тудырған гуманитарлық дағдарыстың нақты айғағы болып табылады. Ұрпақтар естеліктеріне сүйене отырып, бұл босқындар қауымының Сібірдегі жағдайы ауыр болғанын, әлеуметтік бейімделу жолында түрлі қиындықтарға тап болғанын анық байқауға болады. Тілдік, мәдени және тұрмыстық ортаға икемделу процесі көбіне ассимиляциялық сипат алғанымен, кейбір жағдайларда қазақтың этникалық бірегейлігі мен мәдени кодын сақтау әрекеттері де орын алғаны байқалады.

Зерттеу көрсеткендей, ашаршылық жылдарындағы босқындық феномені – тарихи тұрғыдан аз зерттелген, бірақ ұлттық жад пен тарихи әділеттілікті қалпына келтіру үшін маңызы зор тақырып. Бұл мәселені ұрпақтар естеліктері негізінде зерделеу, бір жағынан, тарихи деректерді толықтыра түссе, екінші жағынан, отбасылық-индивидуалдық деңгейдегі тәжірибелерді ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік береді.

Осылайша, Сібірге көшкен аштық босқындарының тағдырын зерттеу - 1930-шы жылдардағы ұжымдастыру және ашаршылық саясатының салдарын кеңінен пайымдауға, сондай-ақ ұлт тарихының трагедиялық беттерін объективті түрде түсінуге жол ашады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер мен деректер тізімі:

- 1 Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. Т.2.: 1932-1934/Отв.редактор Б. Әбдіғалиұлы. - Алматы, Атамұра, 2021. - 1240 с.
- 2 Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. Т.3.: 1932-1934/Отв.редактор Б. Әбдіғалиұлы. - Алматы, Атамұра, 2021. - 1028 с.
- 3Алдажуманова К.С. Голод 1931-1933 годов в Казахстане: проблемы истории и методологии//[Электронды ресурс] - Кіру режимі:<https://e-history.kz/upload/iblock/5bc/5bc5ff1e929a9b55145219416553b659.pdf>(Қаралған күні08.05.25)
- 4 Ермекбаев Ж. А. Российский казахи в составе РСФСР и СССР в 1917-1991 гг. – Омск.: ОмГПУ, 1999. – 184 с.
5. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры:происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 264 с.
- 6 Камерон С. Голодная степь: Голод, насилие и создание Советского Казахстана. пер. с англ. А. Терещенко –М., 2020. - 360 с.
- 7Мамытова С.Н. Историография истории казахов – «откочевников» за пределы Казахстана в начале 30-х гг. века. // Отан тарихы. -2020. - №4 (92). – Б. 24-33.
- 8 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. – Алматы, 1997. – 320 б.
- 9 Қозыбаева М.М., Бекенова А.А. Қазақ аш босқындары ХХ ғ. 30-шы жж. басында Батыс Сібірде: бейімделу және орналасу мәселелері// Отан тарихы. –2021.№3 (95). –110-117 бб.
- 10 Исенов Ө.И., Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы ашаршылық пен босқыншылық (1920 ж. соңы - 1930 ж. басы) // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. - 2022. №3 том 106. – 145-157 ББ.
11. Гонимые голодом. Сборник документов./ Сост. Сыдыков Е.Б. – Семей. – 2010. – 693 с.
12. Солтангазинова Б.М. т.ж. 1968; Алтай өлкесі, Барнаул қаласында туған. – Барнаул, 2025. – 20 сәуір.